

Жезқазған қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы N 08/05 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әділет басқармасында 2009 жылғы 15 сәуірде N 8-2-80 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 1 маусымдағы N 15/05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 01.06.2016 N 15/05 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жезқазған қаласының кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Станислав Валентинович Филиповичке жүктелсін.
3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енеді

Қала әкімі	Қ. Балмағамбетов
------------	------------------